

Алға ауданының мемлекеттік тұрғын үй қорындағы тұрғын үйді пайдаланғаны үшін төлемақы мөлшерін белгілеу туралы

Ақтөбе облысы Алға ауданы әкімдігінің 2025 жылғы 27 маусымдағы № 173 қаулысы

Қазақстан Республикасының "Тұрғын үй қатынастары туралы" Заңының 97-бабы 1-тармағына сәйкес "Мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үйді пайдаланғаны үшін төлемақы мөлшерін есептеу әдістемесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері агенттігі Төрағасының 2011 жылғы 26 тамыздағы №306 бұйрығына сәйкес (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде тіркелген № 7232), және Алға аудандық тұрғын үй комиссиясының 2025 жылғы 26 маусымындағы № 5 хаттамасы негізінде Алға ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Алға ауданының мемлекеттік тұрғын үй қорындағы тұрғын үйді пайдаланғаны үшін төлемақы мөлшері, осы қаулының қосымшасына сәйкес белгіленсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Алға ауданының әкімі

А. Шуиншалиев

Алға ауданы әкімдігінің
2025 жылғы " 27 " маусым
№ 173 қаулысына қосымша

Алға ауданының мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үйді пайдаланғаны үшін айына бір шаршы метрге жалдау ақысының мөлшері

Кондоминиум объектісінің құрамына кіретін мемлекеттік тұрғын үй қорындағы үйді пайдаланғаны үшін алынатын төлемақының мөлшерін есептеу кезінде мынадай көрсеткіштер қолданылады:

А – кондоминиум объектісінің құрамына кіретін мемлекеттік тұрғын үй қорындағы тұрғын үйді пайдаланғаны үшін төлемақы мөлшері (айына 1 шаршы метр үшін, теңге);

Ц – тұрғын үйдің жалпы көлемінің 1 шаршы метрін салудың (сатып алудың) құны (теңге);

Т – ғимараттың қызмет көрсету есептік мерзімі, жыл.

Тұрғын үйдің жалпы көлемінің 1 шаршы метрін салудың (сатып алудың) құны (Ц) ғимараттың құрылысына арналған жобалау-сметалық құжаттамаға сәйкес немесе ғимаратты мемлекеттік сатып алу қорытындылары бойынша анықталады.

Ғимараттың қызмет көрсету есептік мерзімі (Т) "Тұрғын және қоғамдық ғимараттарды қайта жаңарту, күрделі және ағымдық жөндеу" ҚР 1.04-26-2004 ҚН құрылыс нормаларына сәйкес анықталады.

Кондоминиум объектісінің құрамына кіретін мемлекеттік тұрғын үй қорындағы үйді пайдаланғаны үшін айына алынатын төлемақының мөлшері мынадай формула бойынша есептеледі:

$$A = Ц/Т/12$$

1) Алға қаласы, 5 шағын ауданы, № 5 үй мекен жайында орналасқан алпыс пәтерлі бес қабатты тұрғын үй.

А-кондоминиум объектісінің құрамына кіретін мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үйді пайдаланғаны үшін төлемақы мөлшері (айына бір шаршы метр үшін теңгемен); келесідей формула бойынша есептеледі:

$$A = Ц/Т/12$$

$Ц = 414\,542\,073,20$ теңге/ $4\,330,1$ шаршы метр (техникалық төлқұжат бойынша үйдің жалпы көлемі) = $95734,98$ теңге тұрғын үйдің жалпы көлемінің бір шаршы метрін салудың құны (теңге);

$$T = 100 \text{ жыл};$$

$$A = 95734,98 / 100 / 12 = 79,77 \text{ теңге айына бір шаршы метрге};$$

2) Алға қаласы, 5 шағын ауданы, № 6 үй мекен жайында орналасқан алпыс пәтерлі бес қабатты тұрғын үй.

А-кондоминиум объектісінің құрамына кіретін мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үйді пайдаланғаны үшін төлемақы мөлшері (айына бір шаршы метр үшін теңгемен); келесідей формула бойынша есептеледі:

$$A = Ц/Т/12$$

$Ц = 388\,012\,800$ теңге/ $4\,330,1$ шаршы метр (техникалық төлқұжат бойынша үйдің жалпы көлемі) = $89\,608,27$ теңге тұрғын үйдің жалпы көлемінің бір шаршы метрін салудың құны (теңге);

$$T = 100 \text{ жыл};$$

$$A = 89\,608,27 / 100 / 12 = 74,67 \text{ теңге айына бір шаршы метрге};$$

3) Алға қаласы, 5 шағын ауданы, № 7 үй мекен жайында орналасқан алпыс пәтерлі бес қабатты тұрғын үй.

А-кондоминиум объектісінің құрамына кіретін мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үйді пайдаланғаны үшін төлемақы мөлшері (айына бір шаршы метр үшін теңгемен); келесідей формула бойынша есептеледі:

$$A = Ц/Т/12$$

$Ц = 468\,040\,653,76$ теңге/ $4\,479$ шаршы метр (техникалық төлқұжат бойынша үйдің жалпы көлемі) = $104496,68$ теңге тұрғын үйдің жалпы көлемінің бір шаршы метрін салудың құны (теңге);

$$T = 100 \text{ жыл};$$

$A = 104496,68 / 100 / 12 = 87,08$ теңге айына бір шаршы метрге;

4) Алға қаласы, 5 шағын ауданы, № 8 үй мекен жайында орналасқан алпыс пәтерлі бес қабатты тұрғын үй.

А-кондоминиум объектісінің құрамына кіретін мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үйді пайдаланғаны үшін төлемақы мөлшері (айына бір шаршы метр үшін теңгемен); келесідей формула бойынша есептеледі:

$$A = Ц / T / 12$$

$Ц = 471\,480\,884,80$ теңге / $6\,132,5$ шаршы метр (техникалық төлқұжат бойынша үйдің жалпы көлемі) = $76\,882,32$ теңге тұрғын үйдің жалпы көлемінің бір шаршы метрін салудың құны (теңге);

$$T = 100 \text{ жыл};$$

$$A = 76\,882,32 / 100 / 12 = 64,06 \text{ теңге айына бір шаршы метрге};$$